

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022 – 2024 жылдарға арналған нысаналы трансферттер бөлу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 593 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022 – 2024 жылдарға арналған нысаналы трансферттер бөлу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022 – 2024 жылдарға арналған нысаналы трансферттер бөлу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022 жылға арналған республикалық бюджетке 550 000 000 000 (бес жүз елу миллиард) теңге мөлшерінде нысаналы трансферт, оның ішінде:

1) республикалық деңгейде халықты әлеуметтік қорғауға және көмек көрсетуге, сондай-ақ әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіруге және инфрақұрылымды дамытуға – 33 725 976 мың теңге;

2) мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, қазақстандық мәдени мұраны сақтауға, зерделеу мен танымал етуге және архив ісін іске асырудың тиімділігін арттыруға – 573 372 мың теңге;

3) облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттеріне – 45 335 770 мың теңге;

4) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттерге – 20 000 000 мың теңге;

5) Ақмола облысының бюджетіне, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне қалалардың шеткі аумақтарындағы әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттеріне – 24 000 000 мың теңге;

6) "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және Басым жобаларды кредиттеу тетігі шеңберінде іс-шараларды іске асыруға – 67 000 000 мың теңге;

- 7) Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде моноқалалар мен өңірлерде іс-шараларды іске асыруға – 61 999 996 мың теңге;
- 8) ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын жөндеуге және олардың сапасын жақсартуға бағытталған күтіп-ұстауды ұйымдастыруға – 24 826 961 мың теңге;
- 9) Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылысы саласындағы іс-шараларды іске асыруға - 96 470 389 мың теңге;
- 10) Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы іс-шараларды іске асыруға – 176 067 536 мың теңге бөлінсін.
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2023 жылға арналған республикалық бюджетке 400 000 000 000 (төрт жүз миллиард) теңге мөлшерінде нысаналы трансферт, оның ішінде:
- 1) республикалық деңгейде халықты әлеуметтік қорғауға және көмек көрсетуге, сондай-ақ әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіруге және инфрақұрылымды дамытуға - 31 203 562 мың теңге;
- 2) облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттеріне - 39 598 790 мың теңге;
- 3) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттерге – 20 000 000 мың теңге;
- 4) Ақмола облысының бюджетіне, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне қалалардың шеткі аумақтарындағы әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттеріне - 30 000 000 мың теңге;
- 5) "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және Басым жобаларды кредиттеу тетігі шеңберінде іс-шараларды іске асыруға – 87 500 000 мың теңге;
- 6) Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде моноқалалар мен өңірлерде іс-шараларды іске асыруға – 3 427 747 мың теңге;
- 7) республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамытуға – 36 245 525 мың теңге ;
- 8) ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын жөндеуге және олардың сапасын жақсартуға бағытталған күтіп-ұстауды ұйымдастыруға – 82 926 661 мың теңге;
- 9) Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылысы саласындағы іс-шараларды іске асыруға – 10 335 858 мың теңге;

10) Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы іс-шараларды іске асыруға – 58 761 857 мың теңге бөлінсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2024 жылға арналған республикалық бюджетке 400 000 000 000 (төрт жүз миллиард) теңге мөлшерінде нысаналы трансферт, оның ішінде:

1) республикалық деңгейде халықты әлеуметтік қорғауға және көмек көрсетуге, сондай-ақ әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіруге және инфрақұрылымды дамытуға – 35 686 020 мың теңге;

2) облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттеріне – 13 868 283 мың теңге;

3) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттерге – 25 000 000 мың теңге;

4) "Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және Басым жобаларды кредиттеу тетігі шеңберінде іс-шараларды іске асыруға – 99 200 000 мың теңге;

5) республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамытуға – 36 940 780 мың теңге ;

6) ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын жөндеуге және олардың сапасын жақсартуға бағытталған күтіп-ұстауды ұйымдастыруға – 167 576 867 мың теңге;

7) Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылысы саласындағы іс-шараларды іске асыруға – 2 966 281 мың теңге;

8) Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы іс-шараларды іске асыруға – 18 761 769 мың теңге бөлінсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев